«Ақмола облысы білім басқармасының Қосшы қаласы бойынша білім бөлімі Тайтөбе ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

КГУ «Общеобразовательная школа села Тайтобе отдела образования по городу Косшы управления образования Акмолинской области»

010022, Қосшы қ, Тайтөбе ауылы,
Кенесары хан көшесі, 15 үй
E-mail: taitobe-kosshy@yandex.kz

010022 г. Косшы, с.Тайтобе,
ул. Кенесары хана, 15 дом
E-mail: taitobe-kosshy@yandex.kz

«АҚМОЛА ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚОСШЫ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІ ТАЙТӨБЕ АУЫЛЫНЫҢ ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМБЕРЕТІН МЕКТЕБІ» МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ МЕКЕМЕСІ
Шығыс № 447
20 26 ж. «06» 02

Бұйрық №42

Бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асыру туралы (тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер)

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алулар туралы» Заңының 16-бабының 5, 6-тармақтарына, Мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асыру қағидаларының 506-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 16-баптың 3-тармағының 28) тармақшасына сәйкес полиграфиялық қызметтер: стендтер, баннерлер, галстуктар, белгішелер, шарфтар дайындау (өтінімге сәйкес) бойынша қызмет көрсетулер бойынша шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алулар жүргізілсін.
1. Мемлекеттік сатып алуларды ұйымдастыру және өткізуге жауапты А.Е.Дюсеноваға Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алулар туралы» Заңының 16-бабының 6) тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асыру қағидаттарын сақтай отырып, жеткізушіні айқындау тапсырылсын, сондай-ақ:
— веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарт жобасын жеткізушіге жолдау;
— шарт жасалған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей, бекітілген нысан бойынша шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен жүргізілген мемлекеттік сатып алулар туралы есепті веб-порталда орналастыру.
2. Бір көзден алу тәсілімен шартты тікелей жасасу арқылы сатып алу туралы шешім қабылдау және «Мемлекеттік сатып алулар туралы» Заңның 5-бабының 1-тармағында көзделген мемлекеттік сатып алулар қағидаттарының сақталуына жауапкершілікті өзіме аламын.

Негіздеме: өндірістік қажеттілік.

Мектеп директоры **Г.Алиева**